

# АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТИСІ

**Толық атауы:** "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы  
**Қысқартылған атауы:** "Қазақстан қор биржасы" АҚ

Уәкілетті органның жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған акцияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсыныстарды беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектіде берілген бүкіл ақпараттың дәйекті және акционерлік қоғам мен оның орналастырылатын акцияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Акционерлік қоғам акциялар айналысы кезеңінде Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар рыногындағы ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.

## 1-тарау. Қоғамның атауы және оның орналасқан жері туралы ақпарат

### 1. Құрылтай құжаттарына сәйкес қоғам туралы ақпарат:

1) қоғамды бастапқы мемлекеттік тіркеу күні:

30.12.1993

2) қоғамды мемлекеттік қайта тіркеу күні (егер қайта тіркелген болса):

07.01.2004

3) қоғамның толық және қысқартылған атауы қазақ, орыс және ағылшын (бар болса) тілдерінде;

Толық

Қазақ тілінде	"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы
Орыс тілінде	Акционерное общество "Казахстанская фондовая биржа"
Ағылшын тілінде	Kazakhstan Stock Exchange JSC

Қысқартылған

Қазақ тілінде	"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Орыс тілінде	АО "Казахстанская фондовая биржа"
Ағылшын тілінде	Kazakhstan Stock Exchange

4) қоғамның атауы өзгерген жағдайда, оның барлық бұрынғы толық және қысқартылған атаулары, сондай-ақ олардың өзгерген күндері көрсетіледі;

Өзгерту күні	Толық	Қысқартылған
30.12.1993		
03.03.1994	Қазақстан Банкаралық Валюта Биржасы	
12.07.1995	"Қазақстан банкаралық валюта-қор биржасы" акционерлік қоғамы	
20.09.1995	"Қазақстан банкаралық валюта-қор биржасы" акционерлік қоғамы	Қазақстан банкаралық валюта-қор биржасы
12.04.1996	"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы	
05.02.1997	"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы	Қазақстан қор биржасы
06.03.1997	Жабық акционерлік қоғамы "Қазақстан қор биржасы"	ЖАҚ "Қазақстан қор биржасы"
03.07.1997	Жабық акционерлік қоғамы "Қазақстан қор биржасы"	ЖАҚ "Қазақстан қор биржасы"

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Өзгерту күні	Толық	Қысқартылған
16.03.1999	Жабық акционерлік қоғамы "Қазақстан қор биржасы"	ЖАҚ "Қазақстан қор биржасы"
07.01.2004	"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы	"Қазақстан қор биржасы" АҚ или Қазақстан қор биржасы
26.07.2010	"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы	"Қазақстан қор биржасы" АҚ или Қазақстан қор биржасы

5) егер қоғам заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға және (немесе) қоғамға қатысты құқық мирасқорлығы туралы мәліметтер көрсетіледі;

1999 жылы акционерлік қоғам оның акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының (1999 жылдың 06 қаңтарындағы № 14 хаттама) және "Алматы қаржылық құралдар биржасы" жабық акционерлік қоғамының акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының (1999 жылдың 06 қаңтарындағы № 14 хаттама) шешімінің негізінде "Алматы қаржылық құралдар биржасы" ЖАҚ акционерлік қоғамына қосылу жолымен қайта ұйымдастырылды (заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 1999 жылдың 23 тамызындағы № 1676-1900-АО) куәлік).

б) қоғамның бизнес-сәйкестендіру нөмірі;  
931240000220

7) ISO 17442 халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier коды "Financial services - Legal Entity Identifier" (LEI) (бар болса).

Жоқ

**2. Қоғамның байланыс телефондарының, факс нөмірлерін және электрондық пошта мекенжайын, сондай-ақ егер қоғамның нақты мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген қоғамның орналасқан жерінен ерекшеленетін болса, қоғамның нақты мекенжайын көрсете отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес қоғамның орналасқан жері.**

Орналасқан жері (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес)	Қазақстан Республикасы, А15G7M6, Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-қабат
Байланыстар	+77272375300 account@kase.kz
Нақты мекенжайы	Қазақстан Республикасы, А15G7M6, Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-қабат

**2-тарау. Акциялар туралы, оларды төлеу тәсілдері және олар бойынша кіріс алу туралы мәліметтер**

**3. Жарияланған акциялар шығарылымы туралы мәліметтер:**

1) жарияланған акциялардың саны, түрлері:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



жай акциялар: 5 000 000 (бес миллион )

2) құрылтайшылар төлейтін акциялардың саны, түрлері:

жай акциялар: 22

3) құрылтайшылар төлейтін бір акцияның номиналды құны:

жай акциялар: 1 860 000 (бір миллион сегіз жүз алпыс мың) теңге

4) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілді мөлшері:

жатпайды

Тұрақтандыру банкі тұрақтандыру банкінің жарияланған акцияларының саны, түрлері, номиналды құны туралы ақпаратты ғана толтырады.

#### 4. Акцияларды төлеу

Акцияларды төлеу тәсілі:

Ақшамен (құрылтайшылардың (инвесторлардың) акцияларды төлегенін растайтын төлем құжатының (құжаттарының) деректемелерін, төлем сомасын және төлеушінің атауын көрсету);

Бағалы қағаздармен (бағалы қағаздар эмитентінің атауын, бағалы қағаздардың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) мен санын, бағалаушының атауын, бағалау туралы есептің жасалған күнін, бағалау сомасын (нарықтық бағасы болмаған жағдайда) мәміле тіркелу күнін көрсету)

Мүліктік құқықтармен (қоғамның тиісті органдарының қоғамның ақшалай міндеттемелерін қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеу есебіне өтеу туралы қабылдаған шешімінің күнін және қоғамның осы шешімді қабылдаған органын; қоғамның ақшалай міндеттемелерін салыстырып тексеру актісінің деректемелерін, бағалаушының атауын, бағалау туралы есептің жасалған күнін, бағалау сомасын, мүлікті қабылдау-өткізу актісінің күнін көрсету);

Езге мүлікпен (бағалаушының атауын, бағалау туралы есептің жасалған күнін, мүлікті бағалау сомасын, мүлікті қабылдау-өткізу актісінің күнін көрсету).

*жатпайды*

Қоғам қайта ұйымдастырылған жағдайда көрсетіледі (банктерді қосу нысанында ерікті қайта ұйымдастыру кезінде қолданылмайды):

*Қоғам қайта құрылмады.*

Қоғам қосылу жолымен қайта ұйымдастырылған жағдайда қосымша көрсетіледі:

*Қоғам қосылу арқылы қайта құрылмады.*

Банктер ерікті түрде қайта ұйымдастырылған жағдайда банктің басқа банкке қосылуы нысанында қайта ұйымдастырылатын банктер акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысында бекітілген акцияларды айырбастау коэффициенті көрсетіледі:

*Банктің басқа банкке қосылуы түрінде банктерді ерікті түрде қайта құру болған жоқ.*

Акцияларға цифрлық (виртуалдық) бірліктермен және (немесе) құны цифрлық (виртуалдық) бірліктердің құнына (құнының өзгеруіне) байланысты болатын қаржы құралдарымен төлем жасалмайды.

Акциялар шығарылымы проспектісінің мақсаты үшін цифрлық (виртуалдық) бірлік деп

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



криптография және (немесе) компьютерлік есептеу құралдарын қолдана отырып, орталықтандырылмаған ақпараттық жүйеде құрылған және есепке алынатын сандық жазба болып табылатын бірлік түсініледі.

### 3-тарау. Акцияларды орналастыру шарттары мен тәртібі

#### 5. Акцияларды орналастыру және айналысқа шығару:

1) акцияларды орналастыру және айналысқа шығару жоспарланатын нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы);

-ұйымдастырылған

-ұйымдастырылмаған

2) акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта орналастырған жағдайда орналастыру тәсілі: жазылу немесе аукцион көрсетіледі;

Жазылым

3) құрылтайшылар жиналысында бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында қоғамның акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын айқындау әдістемесін бекіткен күні көрсетіледі;

17.01.2008

4) акционерлік инвестициялық қорда:

акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алуға өтінімдер беру және орындау шарттары мен тәртібі;

*жатпайды*

акционерлік инвестициялық қордың акцияларын орналастыру және (немесе) сатып алу жөніндегі делдалдар тізбесі (олар бар болса) олардың орналасқан жері мен байланыс телефондарының нөмірлері беріле отырып қосымша көрсетіледі.

*жатпайды*

#### 4-тарау. Қоғамның орналастырылған (акционерлік қоғамның сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызына ие құрылтайшылары немесе ірі акционерлері (қатысушылары) туралы мәліметтер

**6. Жаңадан құрылған, оның ішінде қайта ұйымдастырылу жолымен құрылған қоғамдар, сондай-ақ сот шешімі бойынша жарияланған акциялары шығарылымын мемлекеттік тіркеу жарамсыз деп танылған қоғамдар үшін қоғамның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызына ие құрылтайшылары (қатысушылары) туралы мәліметтер, оның ішінде:**

жеке тұлғалардың құрылтайшыларының (қатысушыларының) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және (немесе) заңды тұлғалардың құрылтайшыларының (қатысушыларының) толық атауы, орналасқан жері;	қоғамның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызына ие құрылтайшылары (қатысушылары) ақысын алдын ала төлеген акцияларының саны мен түрі (түрлері);	құрылтайшылардың (қатысушылардың) қоғамның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызына ие болған күні көрсетіледі.
---	--	--

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



жеке тұлғалардың құрылтайшыларының (қатысушыларының) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және (немесе) заңды тұлғалардың құрылтайшыларының (қатысушыларының) толық атауы, орналасқан жері;	қоғамның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызына ие құрылтайшылары (қатысушылары) ақысын алдын ала төлеген акцияларының саны мен түрі (түрлері);	құрылтайшылардың (қатысушылардың) қоғамның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызына ие болған күні көрсетіледі.
"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" республикалық мемлекеттік мекемесі ("Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" РММ) Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы 64 ғимарат, пошта индексі Z00A9G3	505 318 (жай акциялар)	10.06.2013

Жарғылық капиталдың ақысы заңды тұлғаны тіркеуге дейін төленген жағдайда қоғамды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу күні көрсетіледі.

Жарғылық капиталдың ақысы заңды тұлғаны тіркегеннен кейін төленген жағдайда құрылтайшылардың қоғамның жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін толық төлеген күні көрсетіледі.

Сот шешімі бойынша жарияланған акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркеуін жарамсыз деп танылған қоғамдар акционерлердің жалпы жиналысында жаңа акциялардың шығарылымын тіркеу туралы шешім қабылдаған күнді көрсетеді.

## **5-тарау. Қоғам қызметінің негізгі түрлерін көрсете отырып, қоғамның қаржы-экономикалық және шаруашылық қызметінің көрсеткіштері**

### **7. Қоғам қызметінің түрлері:**

1) қызметінің негізгі түрлері;

Акционерлік қоғамның қызметінің негізгі түрі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздардың және өзге де қаржы құралдарының сауда-саттығын ұйымдастыру болып табылады.

Акционерлік қоғамның қызметінің ілеспелі түрі қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызмет және банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыру бойынша қызмет болып табылады.

Акционерлік қоғам, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, осы тармақта белгіленген қызметтер түрінен басқа қызметтерді жүзеге асыруға құқылы.

Егер қандай да бір қызметтер түрін жүзеге асыру үшін қандай да бір лицензияның немесе басқа да рұқсаттардың бар болуы міндетті болса, акционерлік қоғам тиісті лицензиялар (рұқсаттар) алғаннан кейін осыларға сәйкес қызметтерді жүзеге асыра алады.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



2) қоғамның маусымдық сипаттағы қызмет түрлерін және олардың қоғамның жалпы кірісіндегі үлесін көрсете отырып, қызметінің түрлеріне қысқаша сипаттама беру;  
Маусымдық сипаттағы қызмет түрлері жоқ.

3) қоғамның бәсекелесі болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер;

Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлерінің сипаты осы аңдатпаның 7-тармағында көрсетілген.

Акционерлік қоғам осындай қызметті Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ "Астана" халықаралық қаржы орталығының юрисдикциясында жүзеге асыратын заңды тұлғаларды бәсекелес ретінде қарастырады.

Акционерлік қоғам қызмет көрсететін ұйымдастырылған қаржы нарығына қатысты "Астана" халықаралық қаржы орталығының юрисдикциясында лицензияланатын көпжақты сауда-саттық жүйелерінің (MTF) және ұйымдастырылған сауда-саттық алаңдарының (OTF) операторлары да бәсекелес болып табылады.

Акционерлік қоғам қазақстандық эмитенттердің бағалы қағаздарын және өзге де қаржы құралдарын өз сауда-саттық алаңдарында орналастыруға және айналысқа тартқан, тартуға тырысып жатқан немесе әлеуетті түрде тартуы мүмкін шетелдік қор биржаларын өзінің халықаралық бәсекелесі ретінде қарастырады.

Акционерлік қоғам қызмет көрсететін ұйымдастырылған қаржы нарығына қатысты Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген секторында жұмыс істейтін ұйымдастырылмаған (биржадан тыс) нарықтар да бәсекелес болып табылады.

4) қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыстарды, қызметтерді) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар.

Акционерлік қоғамның негізгі кірісі – мүшелік жарна, биржалық және клирингтік алым, комиссиялық алым, акционерлік қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес алынатын өзге де жарна мен алым, сондай-ақ ақпараттық қызмет.

Тиісінше, акционерлік қоғам сатудың (жұмыстардың, қызметтердің) кірістілігі мынадай негізгі факторлармен анықталады:

- сыртқы:

акционерлік қоғам мүшелері – қаржы ұйымдары мен олардың клиенттерінің сатып алу қабілеті мен сауда белсенділігі; мемлекеттік органдар мен мемлекет бақылайтын ұйымдардың қаржы құралдарын сатушылар мен сатып алушылар ретіндегі мінез-құлқы;

акционерлік қоғам өткізетін сауда-саттықта айналыстағы (орналастырылатын) қаржы құралдарының ассортименті және саудаға қолжетімді саны, сондай-ақ осы қаржы құралдарының инвестициялық сапасы; ұйымдастырылған қаржы нарығының тетіктерін пайдалана отырып, акциялардың мемлекеттік пакеттерін жекешелендіруді жүзеге асыру; акционерлік қоғамның мүшесі болып табылатын немесе мүшесі болуға ниет білдірген қаржы ұйымдарының саны;

өздері шығарған бағалы қағаздар мен басқа да қаржы құралдарын орналастыру және айналысқа жіберу үшін ұйымдастырылған қаржы нарығын пайдаланатын немесе пайдалануды болжайтын ұйымдардың саны, сондай-ақ ұйымдастырылған қаржы нарығында орналастырылатын (айналыста болатын) немесе орналастырылуы (айналыста болуы) мүмкін бағалы қағаздар мен басқа да қаржы құралдары шығарылымдарының саны мен көлемі (бағалы қағаздар мен басқа да қаржы құралдары эмитенттерінің эмиссиялық белсенділігі);

- ішкі:

акционерлік қоғамның тарифтері;

акционерлік қоғам қызметтерінің ассортименті мен сапасы (оның ішінде акционерлік қоғам қызмет көрсететін ұйымдастырылған қаржы нарығының Қазақстан Республикасы қаржы

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



нарығының жекелеген секторында жұмыс істейтін ұйымдастырылмаған (биржадан тыс) нарықтармен бәсекеге қабілеттілігі тұрғысынан).

## **8. Акционерлік инвестициялық қорлар болып табылатын қоғамдардың қызметі туралы мәліметтер.**

Мыналар көрсетіледі:

акционерлік инвестициялық қордың инвестициялық қызметі туралы негізгі ережелер, инвестициялық саясаты мақсаттарының сипаттамасы, акционерлік инвестициялық қордың кірістеріне жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін ықтимал факторларды көрсете отырып тиісті объектілерге инвестициялау себептері мен тәуекелдері, сондай-ақ олардың туындау мүмкіндіктері;

акционерлік инвестициялық қордың басқарушы компаниясы туралы мәліметтер (толық атауы, орналасқан жері);

қоғамның инвестициялық декларациясында көрсетілген инвестициялау объектілері, оның ішінде акционерлік инвестициялық қор үшін барынша маңызды объектілері нарығындағы жалпы үрдістің қысқаша сипаттамасы.

*жатпайды*

## **9. Қоғамның қызметіне әсер ететін тәуекел факторлары.**

Осы аңдатпаның 7-тармағында сипатталған сыртқы факторлардан бөлек акционерлік қоғамның қызметіне мынадай факторлар елеулі әсер етеді:

- 1) қаржы құралдарының жаңа түрлерінің пайда болуына, ұлттық институционалдық инвесторлардың қалыптасуы мен дамуына, Қазақстанның ұйымдастырылған қаржы нарығында қаржы құралдарын орналастыруға (айналысқа жіберуге), оған шетелдік бағалы қағаздар эмитенттерінің және инвесторлардың қатысуына мемлекеттің заңнамалық актілер арқылы көрініс табатын қатынасы;
- 2) қаржы құралдарына, инвесторларға, қаржы нарығының кәсіби қатысушыларына қатысты мемлекеттің салықтық саясаты;
- 3) мемлекеттің қаржы нарығының конъюнктурасына, мысалы, қаржы құралдарын сатып алушылардың инвестициялық артықшылықтарына реттеушілік әсері;
- 4) мысалы, қаржы нарығы субъектілерінің сауда және эмиссиялық белсенділігіне, сондай-ақ қаржы құралдарының инвестициялық тартымдылығына әсер ететін макроэкономикалық факторлар (инфляция деңгейі, қазақстандық теңгенің айырбас бағамының тұрақтылығы мен болжамдылығы, экономиканы ақшалы ету деңгейі және басқа да факторлар);
- 5) кәсіпкерлер мен халықтың қаржылық сауаттылық деңгейі, олардың қаржы құралдарын сатушылар мен сатып алушылар ретінде ұйымдастырылған қаржы нарығына қатысу қабілеті;
- 6) ұйымдастырылған қаржы нарығындағы оның қатысушыларының сауда белсенділігінің дәрежесіне әсер ететін баға конъюнктурасы (мысалы, баға өскен немесе құлдыраған кезеңде акционерлік қоғам мүшелерінің сауда белсенділігінің артуы байқалады, ал бағаның тыныш болуы ең төмен қолайлы баға конъюнктурасы болып табылады).

## **6-тарау. Қоғам туралы және ол орналастыратын эмиссиялық бағалы қағаздар туралы қосымша мәліметтер**

## **10. Қоғамның төлеу агенті туралы мәліметтер (бар болса):**

- 1) төлеу агентінің толық атауы;

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" акционерлік қоғамы

2) орналасқан жері, байланыс телефондары, электрондық пошта адресі (бар болса);  
050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8, 163-тұрғын емес үй-жай  
+7 (727) 262-08-46  
helpdesk@kacd.kz

3) қоғамның төлеу агентімен жасасқан шартының күні мен нөмірі.  
1309  
09.06.2026

**11. Қоғамның консультанты туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):**

- 1) 1) қоғам акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:  
2) қоғам акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, электрондық пошта адресі (бар болса):  
3) қоғамның қоғам акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін адаммен жасасқан шартының күні мен нөмірі:

Қаржылық кеңесші жоқ.


Егер, қоғамның пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету қоғам акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, қоғамның өзге де консультанттары туралы мәліметтер көрсетіледі.

**12. Қоғамның орталық депозитарийімен жасасқан қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөнінде қызмет көрсету туралы шарттың күні мен нөмірі.**

№ 1309, 01.01.2016

**13. Тұрақтандыру банкі жарияланған акциялар шығарылымының проспектісін жасаған кезде, осы қосымшаның 10 және 11-тармақтары толтырылмайды.**

Уәкілетті тұлға



Электрондық цифрлық қолтаңба

МУХАМЕДЖАНОВ АДІЛЬ  
НУРЛАНОВИЧ  
(тегі, инициалдары)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

